

**2021/2022 оқу жылында күзгі семестрдегі
оқу үдерісін ұйымдастыру туралы**

«Сырдария» университетінің аумағында коронавирустық инфекция таралуының алдын алу шараларын іске асыру мақсатында 2021-2022 оқу жылында күзгі семестрдегі оқу үдерісі келесі тәртіппен ұйымдастырылсын:

1. Оқу жылы 1-4-курс білім алушылары үшін 2021 жылдың 6 қыркүйегінен басталсын.

2. Кадрларды даярлаудың барлық бағыттары бойынша оқитын студенттер үшін оқу үдерісі аралас форматта ұйымдастырылсын: дәрістер – онлайн, санитарлық режим мен әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, қолданбалы сипаттағы семинар, практикалық және зертханалық сабақтар – дәстүрлі.

3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер оқуды қашықтықтан оқыту форматында жалғастырсын.

4. Шетелде виза алуды күтіп жүрген шетелдік студенттер қашықтықтан оқыту форматында оқытуды жалғастырсын.

5. Магистранттардың теориялық оқуы (қажет болған жағдайда) қашықтықтан және аралас оқыту форматтарында жалғассын.

6. Сабақ барысында студенттердің аудиторияларда бетперде кию міндеттеліп, медициналық қызмет бөлімінің тарапынан қадағалансын.

7. Білім алушыларды бөлмелердің 50% толымдылығына сәйкес жатақханаға орналастыру есепке алынсын.

8. Медициналық көрсетілімдер болған студенттер және емдеуші дәрігердің қорытындысы негізінде тәуекел тобындағы (жүкті, бала емізетін және т.б.) студенттер өтініш негізінде қашықтықтан оқытуды жалғастырсын.

9. Қашықтықтан оқыту форматында өтілетін сабақтар үшін Platonus, Moodle, Zoom және WebEx платформалары негізге алынсын.

10. Университет аумағына, оқу корпустарына, кітапханалар мен жатақханаларға кіру кезінде Ashyq қосымшасын міндетті түрде пайдалану талап етілсін.

11. 50-ден астам адам қатысатын мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салынсын.

12. Эпидемиологиялық жағдай нашарлаған және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің тиісті шешімі болған жағдайда студенттерді офлайн оқудан онлайн оқуға ауыстыру бойынша іс-қимыл жоспары (алгоритмі) әзірленсін.

Негіздеме: ҚР Білім және ғылым министрінің вице-министрі Қ. Ергалиевтің
20.08.2021 жылғы № 4-14-4/3281-И, 24.08.2021 жылғы №4-14-4/3331 хаттары.

Ректор м.а.

A handwritten signature in blue ink, appearing to be 'B. Tokmurzaev', written over a faint circular stamp.

Токмурзаев Б.С.